



EDUCATION SYSTEM

# Мұғалімдерге арналған нұсқаулық

## Жүйеге кіру

Жүйеге кіру үшін, оқу орнының жүйе әкімшісі сізді жүйеге қосу керек. Әкімші жүйеге қосылған кезде көрсететін электрондық поштаға логин мен құпия сөз хабарлама арқылы жіберіледі. Ары қарай <http://mektep.edu.kz> сілтемесіне өтіп, "жүйеге кіру" батырмасын басыңыз және логин мен құпия сөзді енгізіңіз (1-сурет);

Сурет-1

Логин мен пароль дұрыс енгізілгеннен кейін «Оқытушының жұмыс орны» терезесі ашылады; мұнда жеке профилі, мектеп туралы ақпарат, мектеп контингентінің статистикасы, жаңалықтар мен хабарламалар көрсетілген. Жоғарғы панельде мәзір бөлімі орналасқан (2-сурет).

Сурет-2

**Мәзір бөлімі:**

1. Мектеп;
2. Кесте;
3. Журнал;
4. Бағалар;
5. Жоспарлар;
6. Сынып;
7. Мониторинг;
8. Хабарламалар;

**«Жоспарлар» бөлімі**

Бұл бөлім екі блоктан тұрады: «Менің оқу жоспарларым» және «Оқу жоспары».

«Менің оқу жоспарларымда» сіздің өткен жылғы және ағымдағы оқу жоспарыңыз, ал «Оқу жоспарында» - әкімші сізге бекіткен пәндер мен сағаттар көрсетілген (3-сурет).

**Оқу жоспары**

Сынып		Сағат саны	Сағат қосылды	Жоспарды қосу
3 «Г»	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	34	34	<a href="#">Жаңа жоспар тағайындау</a>
3 «Б»	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	34	34	<a href="#">Жаңа жоспар тағайындау</a>
3 «В»	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	34	34	<a href="#">Жаңа жоспар тағайындау</a>
3 «Д»	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	34	34	<a href="#">Жаңа жоспар тағайындау</a>
3 «Г»	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	34	34	<a href="#">Жаңа жоспар тағайындау</a>
3 «Ж»	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	34	34	<a href="#">Жаңа жоспар тағайындау</a>
3 «З»	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	34	34	<a href="#">Жаңа жоспар тағайындау</a>
3 «Ә»	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	34	34	<a href="#">Жаңа жоспар тағайындау</a>
3 «Е»	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	34	34	<a href="#">Жаңа жоспар тағайындау</a>

Жалпы сағат саны 306

**Менің оқу жоспарларым** Жоспар қосу

№	Сынып	Оқыту тілі	Пән атауы	Сағат саны	Тақырып саны		
#8218	3	Қазақ тілі	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	34	34	<a href="#">Қарап шығу</a>	<a href="#">Өзгерту</a>
#8275	3	Қазақ тілі	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	34	34	<a href="#">Қарап шығу</a>	<a href="#">Өзгерту</a>

Сурет-3

**Оқу жоспарын құру**

Жоспар құру үшін :

- «Жоспар қосу» батырмасын басыңыз (4-сурет);

Менің оқу жоспарларым **Жоспар қосу**

№	Сынып	Оқыту тілі	Пән атауы	Сағат саны	Тақырып саны		
#8218	3	Қазақ тілі	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	34	34	Қарап шығу	Өзгерту
#8275	3	Қазақ тілі	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	34	34	Қарап шығу	Өзгерту

Сурет-4

- Сыныпты таңдаңыз;
- Сыныпты оқыту тілі;
- «Келесі» батырмасын басыңыз (5-сурет);

Жаңа оқу жоспарын қосу

Сынып	Оқыту тілі	
3-сынып	Қазақ тілі	<b>Келесі</b>

Сурет-5

- Пәнді таңдаңыз;
- «Сақтау» батырмасын басыңыз (6-сурет).

Жаңа оқу жоспарын қосу

Сынып	Оқыту тілі	Пән атауы	
3-сынып	Қазақ тілі	Қазақ тілі	<b>Сақтау</b>

Сурет-6

Ашылған терезеде тақырыпты, үй тапсырмасын, оқу жоспарының әдебиетін толтыруға арналған терезелер және осы тақырыпқа бөлінген сағаттар пайда болады. Автоматты түрде тақырыптар қосу үшін тек бірінші тақырыпқа арналған терезе ашылады, ашылған терезелерді толтырыңыз және «Өзгерісті сақтау» батырмасын басыңыз, одан әрі «Жаңа тақырып қосу» батырмасын басыңыз (7-сурет).

№	Тақырыбы	Үй жұмысы	Әдебиет	Сағат саны	
1				1	<b>Жою</b>

**Өзгерісті сақтау**
**Жаңа тақырып қосу**

Сурет-7

«Жоспар қосу» батырмасын басқаннан кейін сіз олардың деректері бар тізімде қосылған жоспарды көре аласыз (8-сурет). Бұл тізімде оқу жоспарының тақырыбын көре немесе

өзгерте аласыз. Ол үшін «Қарап шығу» немесе «Өзгерту» деген тиісті батырмаларға басу қажет.

**Менің оқу жоспарларым** Жоспар қосу

№	Сынып	Оқыту тілі	Пән атауы	Сағат саны	Тақырып саны		
#8218	3	Қазақ тілі	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	34	34	<a href="#">Қарап шығу</a>	<a href="#">Өзгерту</a>
#8275	3	Қазақ тілі	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	34	34	<a href="#">Қарап шығу</a>	<a href="#">Өзгерту</a>

Сурет-8

Сіздің оқу жоспарларыңыздан **пәннің атауы, сыныбы, оқыту тілі және белгілі бір жоспарлардың сағаттары** «Оқу жоспары» блогында көрсетілген пәндермен сәйкес келсе, онда осы пәннің жанында «Импорттау» батырмасы пайда болады, ал түйменің жанында тиісті жоспарлардың нөмірлері көрсетіледі (9-сурет).

6 «Ә»	Шет тілі	102	0	#159891 жоспар	<a href="#">импорттау</a>
-------	----------	-----	---	----------------	---------------------------

Сурет-9

Егер сізде бірнеше тиісті жоспар болса, нөмірдің жанындағы көрсеткішке басыңыз және қажетті жоспардың нөмірін таңдаңыз (10-сурет).

Сынып	Сағат саны	Сағат қосылды	Жоспарды қосу
10 «А»	Алғашқы әскери дайындық	34	0
10 «Ә»	Алғашқы әскери дайындық	34	34

Жоспарды қосу:

- #86276 жоспар
- #86276 жоспар
- #183498 жоспар

[импорттау](#)

Сурет-10

Пәнге жоспарды бекіту үшін «Импорттау» батырмасын басыңыз (11-сурет).

6 «Ә»	Шет тілі	102	0	#159891 жоспар	<a href="#">импорттау</a>
-------	----------	-----	---	----------------	---------------------------

Сурет-11

**Оқу жоспарын өзгерту**

Оқу жоспарларын өзгерту үшін «Өзгерту» батырмасын басыңыз, қажетті өзгерістерді жасаңыз және «Өзгерісті сақтау» батырмасын басыңыз. Мұнда сіз сондай-ақ оқу жоспарларын «Жою» батырмасын басу арқылы жоя аласыз (12-сурет).

34 Роботтарға арналған міндеттер.

1

Жою

Өзгерісті сақтау

Жаңа тақырып қосу

Сурет-12

Пәнге тіркелген жоспарды өзгерту үшін:

- Жоспарды пәннен алып тастаңыз, ол үшін «Жаңа жоспар тағайындау» батырмасын басыңыз (13-сурет);

Сынып	Сағат саны	Сағат қосылды	Жоспарды қосу	
10 «А»	Алғашқы әскери дайындық	34	34	Жаңа жоспар тағайындау

Сурет-13

- «Менің оқу жоспарларым» бөліміне өтіп, «Өзгерту» батырмасын басыңыз;
- Өзгерткеннен кейін оқу жоспарын сақтаңыз;
- Бұдан әрі «Оқу жоспары» бөліміне тиісті жоспарды таңдап, «Импорттау» батырмасын басыңыз.

Егер пәннің жанында «Сәйкес келетін жоспар табылмады» деген хабарлама шықса, онда сіздің оқу жоспарларыңызда пәнге сәйкес келетін оқу жоспары жоқ (14-сурет).

**Ескерту:** оқу жоспары мен пәнінің барлық мәліметтерін (атауын, сыныбын, оқыту тілін және сағатын) тексеріңіз, егерде қателік болса «Сәйкес келетін жоспар табылмады» деген хабарлама шығады.

11 «В»	Алғашқы әскери дайындық	34	34	Жаңа жоспар тағайындау
11 «Г»	Алғашқы әскери дайындық	34	34	Жаңа жоспар тағайындау
11 «Д»	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	34	0	Сәйкес келетін жоспар табылмады

Сурет-14

## «Журнал» бөлімі

«Журнал» бөлімінде сабақ тақырыбын таңдау, оқушылардың үлгеріміне баға беру және фронталды баға қою мүмкіндігі бар

### Журнал толтыру

Журналды толтыру үшін «Журнал» бөліміне өтіп, одан әрі белгілі бір сыныптың «Журналын толтыру» батырмасын таңдау қажет (15-сурет);

Сынып	Предмет	Сағат саны	Журналды толтыру	Журналды қарап шығу	Экспорт
10 «А»	Алғашқы әскери дайындық	34	Журналды толтыру	Журналды қарап шығу	1-тоқсан
10 «Ә»	Алғашқы әскери дайындық	34	Журналды толтыру	Журналды қарап шығу	1-тоқсан

Сурет-15

Оқушылардың аты мен сабақ тақырыптары көрсетілген кестелерден тұратын журнал ашылады. Баға қою үшін (фронталды) :

- «Сабақты бастау» батырмасын басыңыз (16-сурет);

**Журнал: 10 «А»**

Пән: Алғашқы әскери дайындық

Ағымдағы күн: 5 Қараша, 2019

2019									
Күн	Қыркүйек				Қазан				Қараша
	06	13	20	27	04	11	18	25	01
Кестедегі сабақ	1	1	1	1	1	1	1	1	1
1									
2									
3									
4									
5									
6									
7									

Күн	Сабақта өтілді Үй жұмысы
01.11	Сабақты бастау
25.10	Сабақты бастау
18.10	Сабақты бастау
11.10	Сабақты бастау
04.10	Сабақты бастау
27.09	Сабақты бастау
20.09	Сабақты бастау
13.09	Сабақты бастау
06.09	Сабақты бастау

Сурет-16

- Тақырыпты таңдаңыз;
- «Қолдану» батырмасын басыңыз»;
- Жоғарғы терезеде таңдалған тақырып пайда болады;
- «Сақтау» батырмасын басыңыз (17-сурет);

**Сабақ тақырыбын таңдау** ( 6 Қыркүйек) 1 сабақ

Тақырып

Үй тапсырмасы

Әдебиет

Қарулы күштер- Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғауда

Сақтау

**Тақырыптар тізімі**

Тақырып	Үйге тапсырма	Әдебиет	Сағаттар
Кіріспе			1 <a href="#">Қолдану</a>
Қарулы күштер- Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғауда			1 <a href="#">Қолдану</a>

Сурет-17

Белгілі күнге тақырыпты сақтағаннан кейін баға қою үшін ұяшықтар ашылады (18-сурет).

Өткен апта		2019		Келесі апта	
		Қыркүйек		Күн	Сабақта өтілді Үй жұмысы
Күн		06		01.11	Сабақты бастау
Кестедегі сабақ		1		25.10	Сабақты бастау
1	Айтылған Асылгерей	2	<input type="checkbox"/>	18.10	Сабақты бастау
2	Аманжол Мелдір	3		11.10	Сабақты бастау
3	Аманжол Айбол	4		04.10	Сабақты бастау
4	Аманжол Бақытжан	5		27.09	Сабақты бастау
5	Аманжол Ғабил	НО		20.09	Сабақты бастау
6	Аманжол Бақыт			13.09	Сабақты бастау
7	Аманжол Бақыт			06.09	Қарулы күштер- Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғауда Тақырыпты қайта тағайындау
8	Аманжол Мұра				

Сурет-18

Бұдан әрі бағалар қою арқылы «Қойылған бағаларды сақтау» батырмасын басыңыз (19-сурет).

21	Аманжол Топанбай	<input type="checkbox"/>
22	Аманжол Аманжол	<input type="checkbox"/>
23	Аманжол Аманжол	<input type="checkbox"/>
24	Аманжол Рүстем	<input type="checkbox"/>
25	Аманжол Мұра	<input type="checkbox"/>

Қойылған бағаларды сақтау

Сурет-19

Тақырыпты өзгерту үшін алдымен «Тақырыпты қайта тағайындау» батырмасын басып, тақырыпты қайта таңдаңыз (20-сурет).



Күн	Сабақта өтілді Үй жұмысы
01.11	Сабақты бастау
25.10	Сабақты бастау
18.10	Сабақты бастау
11.10	Сабақты бастау
04.10	Сабақты бастау
27.09	Сабақты бастау
20.09	Сабақты бастау
13.09	Сабақты бастау
06.09	<b>Қарулы күштер- Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғауда</b> Тақырыпты қайта тағайындау

Сурет-20

Ескерту: Егер сізде «Тақырыпты қайта тағайындау» батырмасы шықпаса, онда бұл күнге сіз бағалар қойдыңыз. Алдымен бағаларды жойып, «Қойылған бағаларды сақтау» батырмасын басу керек, содан кейін сіз тақырыпты осы күннен алып тастай аласыз.

Кестелердің үстінде алдыңғы және келесі апталарды көруге болатын батырмалар бар (21-сурет).

**Журнал: 10 «А»**

Пән: Алғашқы әскери дайындық

Ағымдағы күн: 5 Қараша, 2019

2019										Күн	Сабақта өтілді Үй жұмысы	
		Қыркүйек				Қазан				Қараша		
Күн	Кестедегі сабақ	06	13	20	27	04	11	18	25	01		
1	Айырықшан Ақылгерей	1	1	1	1	1	1	1	1	1	01.11	Сабақты бастау
2	Аманжол Мембет										25.10	Сабақты бастау
3	Аманжол Әбішев										18.10	Сабақты бастау
4	Аманжол Әбішев										11.10	Сабақты бастау
5	Аманжол Әбішев										04.10	Сабақты бастау
6	Аманжол Әбішев										27.09	Сабақты бастау
											20.09	Сабақты бастау
											13.09	Сабақты бастау

Сурет-21

## «Бағалар» бөлімі

### Критериалдық бағалар

Критериалды бағаларды қою үшін «Бағалар» бөліміне өтіп, «Критериалдық бағаларды» таңдаңыз (22-сурет).

#### Үлгерім

Сынып	Предмет	Сағат саны	Критериалдық бағалар	Тоқсандық бағалар
7 «3»	Алгебра	102	Критериалдық бағалар	Тоқсандық бағалар
7 «3»	Геометрия	68	Критериалдық бағалар	Тоқсандық бағалар

Сурет-22

Одан әрі экранға сынып оқушыларының тізімі және белгілі бір БЖБ саны (бөлім үшін жиынтық бағалау) және ТЖБ (тоқсан үшін жиынтық бағалау) шығарылады. Әдепкі бойынша бірінші тоқсан ашылады, басқа тоқсандарды қарау үшін тиісті батырмаларды таңдаңыз (23-сурет).

1 тоқсан 2 тоқсан 3 тоқсан 4 тоқсан Оқу жылы

№	Ф.И.О. ученика	Суммативное оценивание за раздел						Суммативное оценивание за четверть		Расчет оценки за 1 тоқсан			
		50%						50%		100%			
		Раздел 1. СОр 1		Раздел 2. СОр 2		Раздел 3. СОр 3		СОЧ		% СОр	% СОч	Сумма %	Оценка
		Макс. балл:		Макс. балл:		Макс. балл:		Макс. балл:					
1	Александр Аманжол									0	0	0	0
2	Александр Рустам									0	0	0	0
3	Александр Аманжол									0	0	0	0

Сурет-23

Балл қою үшін:

- Максималды баллдарды көрсетіңіз;
- Осыдан кейін әр оқушының жеке ұпайларын қойыңыз (24-сурет);

1 тоқсан 2 тоқсан 3 тоқсан 4 тоқсан Оқу жылы

№	Ф.И.О. ученика	Суммативное оценивание за раздел						Суммативное оценивание за четверть		Расчет оценки за 1 тоқсан			
		50%						50%		100%			
		Раздел 1. СОр 1		Раздел 2. СОр 2		СОЧ		% СОр	% СОч	Сумма %	Оценка		
		Макс. балл:		Макс. балл:		Макс. балл:							
1	Александр Александр	7	12	3	9	8	24	23.8	16.7	41	3		
2	Александр Александр	10	12	8	9	20	24	42.9	41.7	85	5		
3	Александр Александр	5	12	3	9	10	24	19.0	20.8	40	3		

Сурет-24

- «Қойылған бағаларды сақтау» батырмасын басыңыз (25-сурет)

Мен барлық оқушыға бағаларды қойдым, тоқсандыққа бағаны сақтағым келеді

Қойылған бағаларды сақтау

Excel файлына жүктеу

Сурет-25

Төменгі оң жақ бұрышында кесте түрінде баллдар мен бағалардың пайыздық қатынасы көрсетілген (26-сурет)

Пайыз	Оценка	Саны
85%- 100%	"5"	4
65%- 84%	"4"	4
40%- 64%	"3"	9
0%- 39%	"2"	0

Сурет-26

Барлық бағалар қойылғаннан кейін жүйе автоматты түрде баллдарды есептейді және жоғарыда көрсетілген кесте негізінде бағалар қояды (26-сурет).

Тоқсан бойынша алынған бағаларды жіберу және Excel форматында жүктеу үшін "Бағаларды тоқсандыққа сақтау 1/2/3/4 тоқсан" және "Excel файлына жүктеу" (27-сурет).

Қойылған бағаларды сақтау

Бағаларды тоқсандыққа сақтау 1 тоқсан

Excel файлына жүктеу

Сурет-27

### Тоқсандық бағалар

Тоқсандық баға қою үшін:

- «Бағалар» бөлімін таңдаңыз;
- «Тоқсандық бағалар» батырмасын басыңыз (28-сурет);

#### Үлгерім

Сынып	Предмет	Сағат саны	Критериалдық бағалар	Тоқсандық бағалар
7 «З»	Алгебра	102	Критериалдық бағалар	Тоқсандық бағалар
7 «З»	Геометрия	68	Критериалдық бағалар	Тоқсандық бағалар

Сурет-28

- Үлгерім бағасын қойыңыз;


- «Қойылған бағаларды сақтау» батырмасын басыңыз (29-сурет).

26	Толған Нұржан	<input type="checkbox"/>						
27	Умаралла Әнуар	<input type="checkbox"/>						
28	Сәлібай Бекжан	<input type="checkbox"/>						
29	Бісүмбаева Адам	<input type="checkbox"/>						

Қойылған бағаларды сақтау

Сурет-29

Тоқсан бойынша сақталған бағаларды өзгерту үшін «Бағаларды өзгерту үшін өрістерді ашу» батырмасын басып, себебін жазыңыз (30-сурет).



Сурет-30

### «Сыныптар» бөлімі

Бұл бөлімде пәндер бойынша сабақ беретін сыныптар, олардың деректері және сіз сынып жетекшісі болып табылатын сіздің сыныбыңыз көрсетілген (31-сурет).

#### Сынып

Сынып жетекшісі		5 «Б»-класс			
Предмет					
Сынып	Язык обучения	Руководитель класса	Учащиеся	Предметы класса	Статус
5«Б»-сынып	Қазақ тілі	Өнербаева Ақбана	Список	Журналы	Сынып жетекшісі
6«А»-сынып	Қазақ тілі	Аманбаева Жансұлу	Список	Журналы	
6«Б»-сынып	Қазақ тілі	Абдураманова Мадина	Список	Журналы	
6«В»-сынып	Қазақ тілі	Исмаиловна Машжан	Список	Журналы	

Сурет-31

### Сынып жетекшісі

Сынып жетекшісінің жұмысын орындау үшін статус бағанында «Сынып жетекші» батырмасын басыңыз. Сізде «Сынып жұмысы» терезесі ашылады, онда сіздің оқушыларыңыздың барлық мәліметтері (туған күні, ЖСН, Табель, ата-аналар туралы мәліметтер) көрсетілген (32-сурет). Сонымен қатар, сіз барлық пәндер бойынша сынып табелін көре аласыз.

**Сынып жұмысы**

ФИО	ИНН	Табель	Ата-анасы	
1.  Аманжол Қасымов	30.06.2009	<a href="#">Excel</a>	Ата-анасы	
2.  Әбдішев Сағдатов Сағдатов	29.09.2008	<a href="#">Excel</a>	Ата-анасы	
3.  Аманжол Қасымов	28.06.2009	<a href="#">Excel</a>	Ата-анасы	
4.  Аманжол Қасымов	04.07.2009	<a href="#">Excel</a>	Ата-анасы	
5.  Аманжол Қасымов	30.03.2009	<a href="#">Excel</a>	Ата-анасы	
6.  Аманжол Қасымов	19.05.2009	<a href="#">Excel</a>	Ата-анасы	

Сурет-32

Сынып жетекшісі ретінде сіз ата-аналар туралы барлық мәліметтерді енгізуіңіз керек, ол үшін «Ата-анасы» батырмасын басып, мәліметтерді енгізіп, «Деректерді сақтау» батырмасын басыңыз(33-сурет).

Оқушының ата-анасын тіркеу формасы

Аманжол Қасымов

Ата-анасы жөнінде ақпарат	Тегі	Есімі	Әкесінің аты	Туған күні
✓ Әкесі тіркелген	<input type="text" value="Аманжол"/>	<input type="text" value="Аманжол"/>	<input type="text" value="Аманжол"/>	16 желтоқсан 1972
✓ Анасы тіркелген	<input type="text" value="Бектас"/>	<input type="text" value="Роза"/>	<input type="text"/>	23 мамыр 1979

[Өзгертілген ақпаратты сақтау](#)

Сурет-33

**Ескерту:** егер ата-аналардың мәліметтері дұрыс енгізілмесе, ата-аналар жүйеге тіркеле алмайды.

Егер ата-аналар тіркелген болса және құпия сөзді ұмытып қалса, онда сіз «Жүйеге тіркелгенін жою» батырмасын басу арқылы деректерді жойып тастай аласыз (34-сурет). Осыдан кейін ата-аналар қайтадан тіркеле алады.

Оқушының ата-анасын тіркеу формасы

Аманжол Қасымов

Ата-анасы жөнінде ақпарат	Тегі	Есімі	Әкесінің аты	Туған күні
✓ Әкесі тіркелген	<input type="text" value="Аманжол"/>	<input type="text" value="Аманжол"/>	<input type="text" value="Аманжол"/>	16 мамыр 1982
✓ Анасы тіркелген	<input type="text" value="Турганбай"/>	<input type="text" value="Турганбай"/>	<input type="text" value="Турганбай"/>	01 сәуір 1984

[Жүйеге тіркелгенін жою](#)

[Өзгертілген ақпаратты сақтау](#)

Сурет-34

**«Кесте» бөлімі**

Мұнда сіз бір апта сабақ кестесін көре аласыз. Кестенің үстінде аптаны таңдау үшін батырмалар орналасқан (сурет-35).

Мұғалімнің сабақ кестесі

<a href="#">Өткен апта</a>			<a href="#">Келесі апта</a>		
<b>1</b>			<b>дүйсенбі 4 Қараша</b>		
1-ауысым	Сыныбы	Предмет	2-ауысым	Сыныбы	Предмет
1	08:00 - 08:40		1	13:30 - 14:10	
2	08:45 - 09:25		2	14:15 - 14:55	6«А» Қазақ тілі
3	09:40 - 10:20		3	15:10 - 15:50	6«В» Қазақ тілі
4	10:25 - 11:05		4	15:55 - 16:35	6«Б» Қазақ тілі
5	11:10 - 11:50		5	16:40 - 17:20	5«Б» Қазақ тілі
6	11:55 - 12:35		6	17:25 - 18:05	
7	12:40 - 13:20		7	18:10 - 18:50	
8	13:25 - 14:05		8	-	

Сурет-35

Профильді өңдеу

Профильді өңдеу үшін Профиль бөліміне өтіңіз. Мұнда сіз құпия сөзді өзгерте аласыз. Егер сізде ЖСН көрсетілмесе, онда сіз ЖСН енгізе аласыз.